



Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің резерві туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 242 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 26 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1895. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2016 жылғы 16 ақпандағы № 11-1-2/53 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің 16.02.2016 № 11-1-2/53 (алғашқы жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы Заңының 18-бабына сәйкес б ұ й ы р а м ы н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің резерві туралы ереже бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіндегі мемлекеттік тіркелу күнінен бастап күшіне енеді.

М е м л е к е т т і к х а т ш ы -

Министр

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік хатшысының -
Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
2002 жылғы 2 сәуірдегі
N 242 бұйрығымен бекітілген

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің резерві туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) дипломатиялық қызмет үшін тұрақты кадрлық резерв құру мақсатында "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы Z020299_ Заңына сәйкес әзірленді.

2. Кадрлық резервті дипломатиялық қызмет қызметкерлері мен қызметшілері құрайды, жүйеленген тізімге енгізілген олар туралы деректер осы Ережеде белгіленген тәртіппен қалыптасқан.

2. Кадрлық резервті қалыптастыру

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кадрлық резерві (бұдан әрі - Министрлік):

1) Министрлік арқылы халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген дипломатиялық қызмет қызметкерлерінен;

2) Министрлік арқылы кәсіби даярлық пен тағылымдаман өту, өзекті халықаралық проблемаларды ғылыми тұрғыдан игеру үшін Қазақстан Республикасының немесе басқа да елдердің жоғары оқу орындарына, ғылыми мекемелеріне жіберілген дипломатиялық қызмет қызметкерлерінен;

3) дипломатиялық қызмет органдарынан өз өтініші бойынша жұмыстан шығарылған дипломатиялық қызмет қызметкерлері құрамынан қалыптасады.

4. Кадрлық резерв есебіне алу мәселелері Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің (бұдан әрі - Министр) шешімі бойынша құрылатын кадрлық комиссия арқылы қаралады.

5. Кадрлық резервпен жұмысты ұйымдастыру Министрлік Аппаратына жүктеледі.

3. Кадрлық резервті қалыптастыру тәртібі

6. Министрліктен халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген, сондай-ақ кәсіби даярлық пен тағылымдаман өту, өзекті халықаралық проблемаларды ғылыми тұрғыдан игеру үшін Қазақстан Республикасының немесе басқа да елдердің жоғары оқу орындарына, ғылыми мекемелеріне жіберілген дипломатиялық қызмет қызметкерлері Министрдің бұйрығымен кадрлық резерв есебіне алынады.

7. Дипломатиялық қызмет органдарынан өз өтініші бойынша жұмыстан шығарылған дипломатиялық қызмет қызметкерлер құрамын кадрлық резерв есебіне алу туралы шешімді кадрлық комиссияның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі қабылдайды.

8. Кадрлық резерв есебіне алу туралы шешімді Министр қабылдаған

сәттен бастап қызметкер немесе қызметші резерв құрамына алынады.

4. Кадрлық резерв есебіне алынған қызметкерлер мен қызметшілерді бос қызметтерге орналастыру тәртібі

9. Кадрлық комиссия бос қызмет болған жағдайда оған орналасуға конкурс өткізілгенге дейін тиісті санатқа арнап резервке алынғандардың тізімін Министрдің қарауына ұсынады.

10. Министрдің резерв есебіндегінің бос қызметке орналастыру туралы шешім қабылдауға құқығы бар және қабылданған шешім туралы кадрлық комиссияға хабарлайды.

11. Резерв есебіндегінің Министрліктегі дипломатиялық қызметке алынуы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және ондағы талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

5. Кадрлық резервтен шығарудың тәртібі

12. Дипломатиялық қызмет қызметкерлері мен қызметшілерін кадрлық резервтен шығаруды кадрлық комиссия төмендегідей жағдайларда жүзеге асырады:

1) резерв есебіндегінің басқа мемлекеттік органдардағы бос қызметке орналасуы;

2) резерв есебіндегінің кадрлық резервтен шығару туралы өтініш беруі;

3) Дипломатиялық қызмет туралы заңға сәйкес дипломатиялық қызмет қызметкерлер құрамының дипломатиялық қызметте болуын шектейтін, кадрлық резерв есебіне алу туралы шешім қабылданған сәтте белгісіз болған немесе жоқ болған негіздердің туындауы.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК